QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №39 (2041) 27 ҚАЗАН 2026 ЖЫЛ



Маңызды меморандумдарға қол қойылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне ҚР су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов арнайы сапармен келіп, оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттеріне көшбасшылық дәріс оқыды.

Жиынды ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ашып, университеттің соңғы жылдардағы негізгі жетістіктеріне тоқталды.

«Бүгінгі таңда су – жай ғана табиғи ресурс емес, ол экономикалық, экологиялық және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басты фактор. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бұл басымдықтарды іске асыруда министрліктің сенімді ғылыми серіктесі болуға толық дайын», – деді университет басшысы.

Өз кезегінде ҚР су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов еліміздегі су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру бағытында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарға тоқталды. Министр ҚазҰУ-ға сапарының мән-маңызын жеткізіп, университет ғалымдары жүзеге асырып жатқан ғылыми жобаларға жоғары баға берді.

Шара аясында ҚазҰУ мен ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі арасында ынтымақтастық туралы екі маңызды құжатқа қол қойылды. Бірінші меморандум тараптар арасындағы әріптестікті нығайтуға бағытталған. Ал екінші келісім министрлік құрамындағы Су ресурстарының ақпараттық-талдау орталығы мен ҚазҰУ ғалымдарының бірлескен ғылыми-сараптамалық жұмыстар жүргізуіне жол ашады.

Әлеуметтік саладағы инновациялар таныстырылды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті кітапханасында «Әлеуметтік қорғау жүйесіндегі инновациялар, ғылым және пәнаралық әріптестік: зерттеулерден – тәжірибеге» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Жиынға ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, ҚР Құрылтайының депутаттары, Алматы қаласы әкімдігінің өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен сарапшылар қатысты.

Конференцияны онлайн форматта ашқан ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев әлеуметтік қызмет көрсету сапасын арттыру, халықтың осал топтарына қолдау көрсету тиімділігін күшейту және әлеуметтік салаға инновациялық шешімдерді енгізу бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті.

«ҚазҰУ оқытушылары мен студенттері балалардың құқықтарын қорғау, құқықтық сауаттылықты арттыру және әлеуметтік жауапкершілікті дамыту бағытындағы қоғамдық бастамаларға белсенді қатысады. Осы саладағы ғылыми жетістіктеріміздің жарқын үлгісі – қазақ тілінде жасанды интеллект негізінде әзірленген LogopedAI.kz логопедиялық платформасы», – деді ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев.

Шара аясында оңалтудың техникалық құралдары мен әлеуметтік салаға арналған заманауи шешімдер көрмесі ұйымдастырылып, қатысушылар Ұлттық ғылыми орталықтың жобалары және серіктес ұйымдардың әзірлемелерімен танысты.

Гуманоидты робототехника орталығы ашылады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Jiangsu Huibo Robotics Technology Co., Ltd. компаниясының халықаралық ынтымақтастық жөніндегі директоры Ли Вэньмен кездесті.

Бұған дейін қос тарап Цифрлық робототехника орталығын құруға уағдаласқан болатын. Жоба шеңберінде университет орталыққа арнайы алаң дайындаса, қытайлық әріптестер заманауи роботтар мен қажетті жабдықтарды жеткізуге жауапты.

Компания өкілі Ли Вэнь жабдықтарды Алматы қаласына қараша айында жеткізу жоспарланып отырғанын хабарлады. Оның айтуынша, орталыққа жалпы алты робот, соның ішінде үш гуманоидты робот пен екі робот-ит әкелінеді.

«Біз үшін заманауи жабдықтарды орнату жеткіліксіз. Басты мақсатымыз – студенттердің робототехника технологиясын терең меңгеріп, роботтарды өз бетінше құрастырып шығуына толық жағдай жасау», – деді ректор Жансейіт Түймебаев.




Робототехника орталығының ресми ашылуы желтоқсан айына жоспарланған.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

2-бет **Қосдипломды бағдарлама іске қосылады**



3-бет **AI Sana: студенттік идеядан – ЖИ-стартапқа дейін**



5-бет **Адамзат өркениетінің рухани қазынасы**



Ғылыми орталықтармен таныстыры

ҚР су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов басқан делегация Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне жұмыс сапарымен келіп, оқу ордасының ғылыми-зерттеу орталықтарын аралады.



Қонақтарды ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қарсы алып, университет ғалымдары жүзеге асырып жатқан жаңа жобалар туралы ақпарат берді.

Алдымен Нұржан Нұржігітов Farabi Hub инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығына барды. Орталықта креативті индустрия, жасанды интеллект, стартаптарды дамыту және жоғары технологиялық өнімдер әзірлеу бағыттарында жұмыстар жүргізілуде. Бұдан бөлек, шетелдік жетекші ғылыми ұйымдардың зерттеу алаңдары орналасқан.

Сапар барысында министр химия және химиялық технология факультетінің тоғыз ғылыми зертханасын аралап, ғалымдардың инновациялық жобалары мен зерттеу нәтижелеріне назар аударды. Сонымен қатар география және табиғатты пайдалану факультетінің Тұрақты даму орталығындағы 10 ғылыми зертхананың негізгі ғылыми бағыттарымен танысты.

Ерекше назар аударған нысандардың бірі – ҚазҰУ базасындағы «Қашықтан зондтау технологиясы және оларды қолдану» қазақ-қытай зертханасы. Оқу ордасына арнайы келген Нұржан Молдияұлына университеттегі суперкомпьютердің мүмкіндігі көрсетілді.

Ұлжалғас ӨТЕБАЕВА

Қосдипломды бағдарлама іске қосылады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев АҚШ-тың Пенсильвания штаты университетінің (Penn State) магистратура және халықаралық бағдарламалар жөніндегі декан орынбасары Стив Барнспен кездесті.



Ректор Жансейіт Түймебаев білім беру саласындағы серіктестікті нығайтуға басымдық беріп, «3+1» форматындағы қосдипломды бағдарламаны жүзеге асырудың маңыздылығына тоқталды. Жоба аясында заңгерлік және өзге де мамандықтар бойынша білім алатын студенттерге 20-дан астам грант бөлу көзделіп отыр. Бұл бастама жастардың халықаралық академиялық тәжірибесін кеңейтіп, кәсіби біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Өз кезегінде Стив Барнс Қазақстанның жетекші жоғары оқу орны – ҚазҰУ-мен әріптестік орнатудың стратегиялық маңызын атап өтті. Сондай-ақ құрметті қонақ ынтымақтастықты одан әрі нығайту аясында Penn State университетінен заң ғылымының негізгі салалары бойынша маманданған жетекші профессорлардың ҚазҰУ-ға сапары жоспарланып отырғанын жеткізді. Осы сапар аясында ҚазҰУ студенттеріне дәрістер өткізіліп, шеберлік сабақтары жүргізіледі.

Келіссөз қорытындысы бойынша екі университет арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Ұлжалғас ҚАЙЫРЖАНҚЫЗЫ



Дамудың жаңа бағыты бекітілді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ғылыми кеңес отырысы өтті. Күн тәртібінде Қазақстанның конституциялық дамуы, университеттің стратегиялық басымдықтары, негізгі тиімділік көрсеткіштерін (KPI) жетілдіру және ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру мәселелері қаралды.

Басқосуда ҚазҰУ Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор Самғат Ермекбаев 2026-2027 оқу жылына арналған университет дамуының негізгі бағыттары мен басымдықтарын таныстырды. Университетті дамытудың негізгі басымдықтары ретінде жаһандық бәсекеге қабілеттілік, жасанды интеллект пен цифрлық трансформация, ғылыми зерттеулер сапасын арттыру, Research to Market тұжырымдамасын дамыту, таланттарды тарту және қолдау, сондай-ақ тұрақты даму бағыттары белгіленді.

2030 жылға дейін шетелдік студенттердің үлесін 32 пайызға дейін арттыру, академиялық ұтқырлық бағдарламалары аясында жыл сайын 900 студенттің шетелде білім алуын қамтамасыз ету және оқытушы-профессорлар құрамының 8 пайызын жыл сайын шетелдік тағылымдамаларға жіберу көзделген.

Сонымен қатар Стратегиялық даму орталығының директоры Жандос Байжұма 2026-2027 оқу жылына арналған KPI жүйесі мен Индикативтік жоспарды таныстырды. Баяндамада оқытушы-профессорлар құрамы мен құрылымдық бөлімшелер қызметін бағалау тетіктерін жетілдіруге, сондай-ақ университеттің QS World University Rankings және Times Higher Education World University Rankings (THE WUR) халықаралық рейтингтеріндегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға басымдық берілді.

Спикер KPI жүйесін жетілдіру шараларын да айқындады. Олар декандар мен кафедра меңгерушілеріне арналған жеке көрсеткіштер картасын әзірлеуді, нәтижелерге тұрақты мониторинг жүргізуді және Farabi Flow ақпараттық жүйесіндегі аналитикалық құралдарды дамытуды қамтиды. Оқытушыларға бекітілген көрсеткіштерді түсіндіру мақсатында алдағы уақытта вебинарлар мен практикалық семинарлар өткізу жоспарланған.

Отырыс барысында Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев университеттің негізгі міндеттеріне назар аударды. Басты мақсат – стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу, KPI көрсеткіштерін орындау және ғылыми зерттеулердің практикалық нәтижелілігін арттыру. Сонымен қатар халықаралық академиялық ұтқырлықты дамыту мен ғылыми әзірлемелерді коммерцияландырудың маңызын атап көрсетті.

Гүл БАЯНДИНА

Аккумуляторларды қайта өңдеу цехы ашылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Республика күні қарсаңында қолданылған литий-ионды аккумуляторларды қайта өңдейтін пилоттық цех ашылды.



Жаңа өндірістік алаңда аккумуляторларды қайта өңдеу және олардың құрамынан бағалы металдар мен пайдалы материалдарды бөліп алу технологиялары сынақтан өткізіледі.

Салтанатты ашылу рәсіміне университет басшылығы, отандық ғалымдар, шетелдік меймандар, сондай-ақ профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер қатысты.

Аталған цехтың қызметі «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының негізгі тұжырымдамасымен үндеседі.

Жиында ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Алина Галеева университетте ғылыми зерттеулерді өрістету мен инновациялық технологияларды өндіріске енгізудің маңыздылығына тоқталды.

Цех жетекшісі Фёдор Мальчиктің сөзінше, қайта өңдеу процесінде аккумуляторлар алдымен қауіпсіз түрде ұуатсыздандырылып, кейін ұсақталады және жекелеген материалдарға бөлінеді. Нәтижесінде құрамында белсенді заттары бар «қара масса» алынады. Алдағы уақытта осы шикізаттан бағалы компоненттерді бөліп алу жоспарланған.

Шараға қатысушыларға жаңа жабдықтар мен қайта өңдеудің негізгі кезеңдері таныстырылды. Цехқа ұсақтауға арналған Fante 400 қос білікті шредері, материалдарды өлшемі бойынша сұрыптайтын DZSF-515 дірілдеуіш елеуіші және компоненттерді бөлуге арналған NG-706 құрылғысы орнатылған.

Айта кетейік, бұл пилоттық цех бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында жүзеге асырылып жатқан ғылыми жоба шеңберінде ашылды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

AI Sana: студенттік идеядан – ЖИ-стартапқа дейін

AI Sana ұлттық бағдарламасы Қазақстанда 1500 салалық ЖИ-стартап әзірлеп жасап шығаруды көздеп отыр. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Компьютерлік ғылымдар кафедрасында студенттер алға қойған нақты міндеттердің шешімін табатын жобалар жасап жатыр. Бұл жобалардың ішінде түрлі сала, әрқилы тақырыптар қамтылған. Мысалы, студенттің оқудан шығып қалу қаупін ерте анықтаудан бастап, камерадағы төбелесті танып, жылыжайды автоматтандыруға дейінгі жұмыстарды орындай алады.



AI SANA ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

AI Sana (ағылшын тілінде Artificial Intelligence) – Мемлекет басшысының тапсырмасымен іске асырылып жатқан Ғылым және жоғары білім министрлігінің бағдарламасы. Операторы – «Ғылым қоры» АҚ. Жобаның паспортын министр 2025 жылы 3 маусымда арнайы бұйрықпен бекітті.

Бағдарламаның идеясы – білім алушыларды, яғни студентті, магистрант пен докторантты жасанды интеллектімен жұмыс істеудің базалық дағдыларынан бастап, өз салалық өнімі мен стартапқа дейінгі даңғыл жолмен алып өту. Сондай-ақ осы бағдарлама аясында жоғары оқу орындарында ЖИ технологиялары бойынша ғылыми база құрылады, ал оқытушылар шетелдік сарапшыларды тартпай-ақ курстарды өздері жүргізе алатындай деңгейде дайындалады.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ЖОСПАРЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

- 650 000 студент, магистрант және докторант министрлік серіктестері ұсынған курстардан өтеді;
- 100 000 адам ЖИ және ЖИ-кәсіпкерлік модульдері бойынша білім алады;
- 60 000 адам салалық кейстері бар тереңдетілген бағдарламадан өтеді;
- 1500 салалық ЖИ-стартап құрылады, оның 50-і халықаралық нарыққа шығуға дайын болуы тиіс.

Мұнда энергетика, ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіптік кешенге, су шаруашылығына және білім беру саласына ерекше көңіл бөлінген. Бағдарламаның серіктестері қатарында Yandex, Coursera, Huawei және Google бар.

Қазір бұл бағдарлама нақты нәтиже беріп жатыр. Стратегиялық серіктестердің халықаралық форумының мәліметінше, бастама 549 мың студентті қамтыған. Coursera 95 университетке лицензия берді, ал Huawei курстарды жергіліктендірді. Ғылым және жоғары білім министрлігінің ақпаратына қарағанда, елдің жоғары оқу орындарында студенттер 440-тан астам ЖИ-жоба әзірледі. Соның бірі – AI-Talapker: Ұлттық тестілеу орталығының ҰБТ және оқуға түсу мәселелері бойынша кеңес беретін чат-боты. Бағдарлама жоспары бойынша 2026 жылғы қазан-желтоқсан айлары масштабтау кезеңіне бөлінген.

КАФЕДРА СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЖЕТІСТІГІ

«Компьютерлік ғылымдар» және «Компьютерлік инженерия» білім беру бағдарламаларының студенттері қазір бірнеше жоба әзірлеп жатыр. Олардың әрқайсысы нақты өмірден алынған, оның ішінде университет тынысы, қауіпсіздік және ауыл шаруашылығы қамтылған. «Qazaq universiteti» газеті ретімен осы жобаларды оқырман назарына ұсынады.

ILEARN: ҮЛГЕРІМНІҢ ТӨМЕНДЕУІН ЕРТЕ ЕСКЕРТЕТІН ЖҮЙЕ


iLearn платформасы студентте қиындық туындағанын, оған әлі де көмек беруге болатын кезде әрекет етуге мүмкіндік береді. Баға адамның қалай оқитынын көрсетеді, бірақ себептерін әрдайым түсіндіре бермейді: негізі, оқуға қаржылық ауыртпашылық, оқу жүктемесі және академиялық қарыздар әсер етеді. iLearn осы мәліметті бір жерге жинайды, соның нәтижесінде эдвайзер кімге, қай студентке назар аудару қажет екенін және неліктен көңіл бөлу керектігін түсініп, лайықты қолдау таңдай алады.

Бір айта кетерлігі, жұмыс істейтін прототип қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қолжетімді. Бұл жүйені Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрі көргенін де айта кету орынды болар.

Эдвайзер студент профилінен бітіру ықтималдығының бағасын және оны арттыратын не төмендететін факторларды көреді: мәселен, тапсырылған курстар бағаны арттырады, ал оқу ақысы бойынша берешек пен шәкіртақының болмауы көрсеткішті төмендетеді. Жүйе ескерту сигналынан кейін де көмектеседі: мұнда қолдау жоспарын жазып, жауапты адамды тағайындауға, тексеру күнін белгілеуге және нәтижені тіркеуге болады. Сонымен қатар эдвайзер студенттің сақталған жазбасын өзгертпей, «егер... болса, не болады» сценарийін тексере алады. Жобаны әзірлеушілердің айтуына қарағанда, модельдің бағалары – дәлелденген себеп емес, арадағы байланысты және олар куратордың кәсіби пайымын алмастырмайды.

Жүйенің нақты нәтижелері бар. 726 жазбадан тұратын анонимді тарихи іріктемеде модель бойынша реттелген тізімнің бірінші төрттен бірінде кейін оқудан шыққандардың шамамен 65 пайызы болды. Еліміздің мемлекеттік университеттерінің бірінің инженерлік факультеті деректерімен тексеру болжау міндеттерінің бір бөлігінде 95 пайыздық дәлдікті көрсетті. Университеттің атауы құпиялылық туралы келісім бойынша жарияланбайды, валидация жалғасып жатыр.

Бұл міндет Қазақстан үшін де өзекті. 2025-26 оқу жылында еліміздің 116 жоғары оқу орнында 678 100 студент оқыды, ал өткен жылы Ұлттық статистика бюросы оқудан шығудың 63 300 жағдайын тіркеді. Жағдайдың себептері әртүрлі, тек үлгермеушілікке әкеліп тіреуге болмайды, алайда көрсеткіш уақытында байқалған мәселе назар аударуға тұрарлық екенінен хабар береді. Әрі қарай авторлар жобаны дамыту үшін жинақталған талдау-сараптама жұмыстарын дайындайды. Әйтсе де бұл әзірге даму бағыты, жұмыс істеп тұрған жүйе емес екенін естеріңізге саламыз.



Нұрислам ҚАСЫМБЕК,
Компьютерлік ғылымдар кафедрасының меңгерушісі, PhD

Бүгінгі таңда Қазақстанда ғылымды жүйелі түрде реформалау, ел экономикасы мен қауіпсіздігінің нақты сұраныстарына бағыттау және жаһандық бәсекеге қабілеттілік пен цифрлық трансформацияны қамтамасыз ету – мемлекеттік деңгейдегі басты басымдықтардың бірі. Мемлекет басшысы айқындаған «ғылыми әлеуетті арттыру», «инновациялық технологияларды өндіріске енгізу» және «жоғары білікті кадрлар даярлау» міндеттері отандық зерттеушілердің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Осы орайда, еліміздегі озық ғылыми бағыттардың бірі – «Табиғи-техногендік қауіп-қатерлер» (ТТҚҚ) білім беру бағдарламасының докоранттары Айдана Исатаева мен Нұрболат Қалманбай Португалияның Авейру қаласындағы әлемге әйгілі Universidade de Aveiro (UA) университетінде ғылыми тағылымдамадан сәтті өтті.

Атлант жағалауындағы ізденіс



Авейру университеті – геохимия, экология, заманауи геоақпараттық жүйелер (ГАЖ) және қашықтан зондтау технологиялары арқылы табиғи қауіптерді математикалық модельдеу саласында Еуропадағы көшбасшы орталықтардың қатарында. Еліміздің ғылым мен білім саласындағы интеграциялық саясатына сай, жас ғалымдарымыздың Еуропаның озық ғылыми мектебіне барып, жаһандық тәжірибе жинақтауы – отандық ғылыми мектептерді әлемдік деңгейге көтерудің айқын көрінісі.

Шетелдік жетекші профессорлармен бірлескен зертханалық жұмыстар барысында докоранттар көшкін, сел, жер сілкінісі секілді қауіпті геологиялық және гидрометеорологиялық процестерді цифрлық әдістермен болжау мен картаға түсірудің ең соңғы үлгілерін меңгерді. Қазіргі таңда Қазақстан үшін өте өзекті болып табылатын өңірлік қауіпсіздік пен табиғи апаттардың алдын алу мәселелерін озық технологиялар арқылы шешу еліміздің стратегиялық ғылыми жоспарларымен толықтай үндеседі. Бұл ізденістер өз кезегінде БҰҰ-ның тұрақты даму тұжырымдамасындағы қауіпсіз қалалар мен климаттық өзгерістерге бейімделу мақсаттарына да салмақты үлес қосады.

Сапардың басты нәтижелерінің бірі ретінде халықаралық ынтымақтастықты нығайту бағытында Scopus және Web of Science базасындағы беделді шетелдік басылымдарда бірлескен ғылыми мақалалар дайындау бойынша нақты келісімдерге қол жеткізілді. Докоранттардың бұл сапары тек жеке зерттеу жұмыстарын тереңдетіп қана қоймай, болашақта отандық ғылымға заманауи әдістемелерді енгізетін жаңа буын мамандарының кәсіби деңгейін айқын көрсетті.



Жаһандық трендтер мен отандық ғылымның басым бағыттарын ұштастыра білген жас зерттеушілеріміздің бұл жетістігі – еліміздің тұрақты, қауіпсіз және инновациялық болашағын қалыптастыруға қосқан маңызды үлесі. Докоранттарымызды осы табыстарымен құттықтай отырып, ғылыми жобаларын сәтті аяқтап, ел игілігі үшін абыроймен қорғап шығуларына тілектестік білдіреміз.

Ақтоты БЕКЖАНОВА,
Картография және геоинформатика кафедрасының оқытушысы

Тәжірибе, даму және тың серпін



Таяуда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Жоғары білім қызметкерлері күніне арналған дөңгелек үстел өтті. Іс-шараны химия және химиялық технология факультетінің Органикалық заттар, табиғи қосылыстар мен полимерлер химиясы және технологиясы кафедрасы Жас ғалымдар кеңесімен бірлесіп ұйымдастырды. Кафедра тарапынан іс-шараны ұйымдастыруға Әділет Әлиқұлов атсалысып, үйлестіру және ұйымдастырушылық жұмыстарға қолдау көрсетті.

Іс-шараны факультеттің Жас ғалымдар кеңесінің төрайымы Данэля Махаева кіріспе сөзбен ашып, қазіргі оқытушының рөлі тек студенттерге білім берумен шектелмейтінін атап өтті. Бүгінгі оқытушы сонымен қатар зерттеуші, тәлімгер және үнемі кәсіби тұрғыдан дамып отыратын маман. Осы орайда, оқытушылық және ғылыми қызметті ұштастыру, кәсіби құзыреттерді жетілдіру және заманауи академиялық орта ұсынатын мүмкіндіктерді тиімді пайдалану мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Кездесуде Рединг университетінің Фармация мектебінің (Ұлыбритания) профессоры Виталий Хуторянский «Университет оқытушысы бүгін: британдық тәжірибе және халықаралық перспектива» тақырыбында баяндама жасады. Халықаралық тәжірибе қатысушыларға оқытушының рөлін әлемдік жоғары білім беру үрдістері мен академиялық дамудың қазіргі талаптары тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік берді.

Жас оқытушылардың кәсіби даму мүмкіндіктері туралы Химиялық физика және материалтану кафедрасының профессоры Меруерт Нәжіпқызы айтып өтті. Ол кәсіби даму барысында қол жеткізген жетістіктермен шектелмеу керектігіне тоқталды. Профессор жас оқытушылардың халықаралық ғылыми және академиялық байланыстарын кеңейтуіне, бірлескен жобалар мен кәсіби іс-шараларға белсенді қатысуына ерекше мән беріп, мұндай мүмкіндіктердің ғылыми және кәсіби өсуге жаңа жол ашатынын атап өтті.

Тақырыпты Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің Оқу-әдістемелік қауымдастығының ғылыми хатшысы, PhD, жас ғалым және оқытушы Камилла Үмбетқалиева жалғастырды. Ол «Қазіргі жоғары мектептегі жас оқытушы: сын-қатерлер, мүмкіндіктер және кәсіби даму» тақырыбында баяндама жасап, жас оқытушының кәсіби қалыптасуы, оқытушылық және ғылыми қызметті қатар алып жүруі, академиялық өсуі және заманауи университет ұсынатын мүмкіндіктерді тиімді пайдалануы туралы ой бөлісті.

Баяндамалардан кейін факультет оқытушылары мен жас ғалымдарының қатысуымен ашық пікірталас өтті. Қатысушылар кәсіби даму, ғылыми белсенділік, тәлімгерлік, халықаралық ынтымақтастық және академиялық мансапты қалыптастыру мәселелерін талқылады.

Дөңгелек үстел әр буын оқытушылары арасындағы ашық кәсіби диалог пен тәжірибе алмасу алаңына айналды. Халықаралық тәжірибе, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің ерекшеліктері және жас оқытушының көзқарасы заманауи академиялық мамандықты әр қырынан қарастыруға мүмкіндік берді.

Перизат ҮРКІМБАЕВА,
Зарина КЕҢЕСОВА,
Органикалық заттар, табиғи қосылыстар мен полимерлер химиясы және технологиясы кафедрасының доценттері

Елдік пен бірлік бастауы



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінің «Биомедицина» білім беру бағдарламасының 1-курс студенттерімен Республика күніне орай, «Республика күні – елдік пен бірліктің бастауы» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Сабақтың мақсаты – студенттерге Республика күнінің тарихи маңызын түсіндіру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, Отанға деген сүйіспеншілік пен азаматтық жауапкершілікті нығайту.

25 қазан – Қазақстанның мемлекеттілік тарихындағы айрықша күн. 1990 жылы осы күні Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданып, тәуелсіздікке бастайтын маңызды қадам жасалды. Бұл тарихи құжат еліміздің дербес даму жолын айқындауға негіз болды. Сондықтан Республика күні – елдік пен егемендіктің қадірін ұғындыратын, халықтың бірлігі мен ортақ жауапкершілігін дәріптейтін ұлттық мереке.

Тәрбие сағатының мазмұнын тақырыптық таныстырылым мен көрнекі материалдар толықтырды. Республика күніне арналған суретті плакатта ұлттық рәміздер, сәулет нысандары және тарихи-мәдени бейнелер қамтылды. Мемлекеттік Тудың бейнесімен безендірілген жүрек пішінді белгілер туған елге деген сүйіспеншіліктің символдық көрінісіне айналды. Мұндай шығармашылық жұмыстар сабақтың тәрбиелік мазмұнын аша түсті.

Ел тарихын білу мен мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – азаматтық сананың маңызды негізі. Ал студенттік кезең – біліммен қатар, қоғам алдындағы жауапкершілік қалыптасатын уақыт. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық мерекеге арналған тәрбие сағаты жастарды елдің өткені мен бүгінін сабақтастыра түсінуге, болашақтағы өз орнын бағамдауға үндейді.

Болашақ биомедицина мамандарының Отанға қызметі сапалы білім алуы, ғылыми ізденісі және адам денсаулығын қорғауға қосатын үлесімен тығыз байланысты. Кәсіби біліктілік пен азаматтық ұстанымның қатар қалыптасуы – қоғамға жауапты маман тәрбиелеудің басты шарттарының бірі.

Республика күніне арналған тәрбие сағаты студенттердің тарихи танымын кеңейтуге, ұлттық құндылықтарға құрметін арттыруға бағытталды. Елге деген сүйіспеншілікті адал еңбек, білім және жауапты іспен ұштастыру сабақтың негізгі тәрбиелік түйіні болды.

Жұлдыз БЕКБАУОВА,
Мейрамгүл БИЖАНОВА,
Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушылары

Тілді үйрету – сөздік қорды толықтыру немесе грамматикалық ережелерді түсіндіру ғана емес, ол білім алушының ойлауына, еркін сөйлеуіне және алған білімін өмірде қолдануына жол ашатын күрделі үдеріс. Сондықтан оқытушының кәсіби дамуы мен заманауи әдістемелерді меңгеруі бүгінгі білім кеңістігінде айрықша маңызға ие.

Араб тілін оқытудың жаңа мүмкіндігі



2023 жылдан бері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасы және ИСЕСКО ұйымының бірлесе ұйымдастыруымен араб тілінде сөйлемейтіндерге араб тілін үйретуге арналған «Мишкат» халықаралық семинарлар желісі ұйымдастырылып келеді. Семинарға Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Малайзия, Индонезия, Қытай т.б. елдердің педагогтары қатысады. Семинарлар тізбесі әр оқу жылына құрылған кестеге сай өтеді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қатысуымен «Мишкат» бағдарламасы аясындағы алғашқы халықаралық оқу-әдістемелік семинары өтті. Араб тілін өзге тілді аудиторияға оқытатын мамандардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған жиынға 14 педагог қатысты.

«Араб тілі оқытушыларына педагогикалық бағдар беру және олардың кәсіби дамуы: теория мен тәжірибе» тақырыбына арналған семинардың негізгі өзегі білім беру үдерісін тиімді жоспарлау болды. Сабақтың нәтижелілігі кездейсоқ қалыптаспайтыны, оған нақты мақсат, жүйелі жоспар және білім алушының қажеттілігін ескеретін әдістемелік шешімдер арқылы қол жеткізілетіні кеңінен қарастырылды.

Семинар барысында педагогикалық жоспарлаудың мәні, оның дәстүрлі және стратегиялық үлгілері, оқу мақсаттарын айқындау мен нәтижені бағалау мәселелері талқыланды. Әсіресе жылдық оқу жоспары, тақырыптық-айлық жоспарлау және жеке сабақтың құрылымын әзірлеу арасындағы сабақтастыққа назар аударылды. Ұсынылған нақты әдістемелік үлгілер теориялық тұжырымдарды тәжірибемен байланыстыруға мүмкіндік берді.

Практикалық бөлімде араб тілін оқытудағы оқылым, тыңдалым, грамматика және емле сабақтарының кезеңдері сараланды. Оқушылардың бұрынғы білімін белсендіру, мәтінді түсіну, талдау, қорытындылау, алған білімді жаттығулар арқылы бекіту сияқты тәсілдердің тиімділігі қарастырылды. Сонымен қатар жобалық оқыту, саралап оқыту, қателер арқылы үйрету, құзыреттілікке негізделген білім беру және оқуында қиындық көрген білім алушыларды қолдау бағыттары қамтылды.

Әдістемелік материалдар қатарында байланыс құралдары туралы оқылым мәтіні, қауіпсіз интернет тақырыбындағы тыңдалым тапсырмасы, грамматикалық құрылымдар мен емле ережелерін меңгертуге арналған сабақ үлгілері ұсынылды. Мұндай мысалдар араб тілі сабақтарын күнделікті өмірмен ұштастырып, білім алушының белсенді қатысуын қамтамасыз етудің нақты жолдарын көрсетті.

Бұл семинардың маңызы дайын әдістерді таныстырумен шектелмейді. Ол оқытушыны әр сабағына «Нені үйретемін?», «Неліктен үйретемін?», «Кімге және қалай үйретемін?» деген сұрақтар тұрғысынан қарауға жетелейді. Мұндай ұстаным тіл үйретудің формалды үдерісін шынайы білім нәтижесіне бағыттайды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ үшін «Мишкат» аясындағы кәсіби диалог – араб тілін оқытудың сапасын арттыруға, әдістемелік тәжірибені жаңартуға және халықаралық академиялық байланыстарды дамытуға мүмкіндік беретін маңызды алаң. Алғашқы семинар осы бағыттағы жүйелі жұмыстың бастамасы болды. Ал бағдарламаның келесі семинарлары жыл бойы ұйымдастырылады.

Мира БАЛТЫМОВА,
профессор м.а.

Нарұл ДӘУРЕНБЕК,
докторант

Адамзат өркениетінің рухани қазынасы

Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) қазіргі Түркістан облысындағы қазақтың ежелгі қаласы Отырарда дүниеге келді. Отырарды арабтар «Барба-Фараб» («қазыналы қала», «бай қала», «көркем қала») деп атаған. Осыған орай, Әбу Насыр әл-Фараби, яғни «Фарабтан шыққан Әбу Насыр» атанып кеткен. Фарабидің толық аты-жөні – Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан әл-Фараби ат-Түрки. Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті отбасынан шыққаны бізге мәлім, бұған дәлел – оның толық аты-жөнінде «Тархан» деген атаудың болуы.



Тарихи тұлғаларымыздың рухани құндылықтарын зерттеу, насихаттау біз үшін парыз. Шығыстың ұлы ойшылы, философ, ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің рухани мұрасы әлемдік ғылым мен өркениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосқаны анық. Әбу Насыр әл-Фараби мұрасы ең алдымен адамзатқа арналған. Өйткені ол саналы ғұмырын жұртшылыққа қызмет етуге арнады. Сондықтан да болар, оның ғылыми ізденістері әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жоғалтпай келеді. Ғұламаның бізге жеткен мұрасы философия, музыка, математика, логика, астрономия, филология және жаратылыстану ғылымдарының сан салаларын қамтиды. Ғалымның өз заманында айтқан ойы немесе пікірі, талдаулары қазіргі қоғам дамуының кейбір қордаланған мәселелеріне дөп тиіп жатады. Уақыт озса да, Әбу Насыр әл-Фараби мұрасы ортайған емес, қайта жылдар өткен сайын толысып келеді. Бұл оның еңбектерінің қайнар бастаулары гуманизмде жатқанын аңғартады. Қандай да бір халықтың өткенін таразылап, болашағына бағдар жасап отыруы бұл табиғи заңдылық.

Әл-Фараби әлемі мен оның еңбектерінде көтерілген ой шығыс халықтарының, соның ішінде түркі әлемінің философиясын қанаттандырды, оның арнасын кеңейтіп, соны бағыттар көрсете білді. Дана ұстаздың шығармаларындағы тақырыптар түркі әлеміндегі философиялық дәстүрден, халық шығармашылығынан бастау алады десек, қателеспеген болар едік.

Әл-Фараби шығыс халықтарының тілінде данагөй де жасампаз шығармалар қалыптастырып қана қойған жоқ, ол сонымен қатар өз заманындағы қарама-қайшы әрі күрделі идеялар мен гуманистік көзқарастарды талдап, олардың шынайы мән-мағынасын да ашып көрсетті. Өзінің еңбектерінде Әбу Насыр әл-Фараби өз заманындағы адамгершілік, ізгілік пен достық, пәлсафалық ойлар, өнер мен мемлекеттік құрылымдар туралы келелі пікірлерін ортаға салды. Әсіресе «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» атты еңбектерінде адам мен қоғам, басшы мен бағынушы сынды категорияларды негіздеп, философтардың ізденістерімен қабыстырады да, қоғамдық құрылымның өзіндік теориясын жасап шығарады. Сонымен қатар «Бақытқа жету», «Кемеңгерлік меруерті», «Мәселелердің түп мазмұны», «Ғылымдардың шығуы» сынды еңбектерінде де әлем мен қоршаған орта, адамның өзге институттармен байланысы жайында сөз қозғап, келелі пайымдауларын ортаға салған. Ғұлама ғалым осы іс-әрекеті арқылы батыс пен шығыстың ой маржандарын тізбелеп қана қоймай, оларды өзара ұштастыра білді, батысты шығысқа таныстырды, заманындағы сүбелі пікірлерді талдады. Оның осындай келелі ізденістерін қабылдаған ғылыми жұртшылық кейіннен оны «Екінші ұстаз» ретінде мойындап, ғылымға сіңірген еңбегін жоғары бағалаған болатын.

Немістің шығыстанушы ғалымы Ф.Детриций сынды зерттеушілердің айтуынша: «Шығыста Аристотель әл-Фарабидің еңбектерінің арқасында ғана Аристотель атанды». Олардың ішіндегі ең ұқсасы – әл-Фараби мен Спинозаның әлеуметтік-саяси концепциялары жөніндегі ойлары. Мысалы, бақытқа жетудің жолдары, мақсаты, мемлекетті басқарудың формасы мен функциясы т.б. Спиноза әл-Фараби секілді өзінің қоғам туралы ілімін адамның «шынайы» табиғатынан шығарады, «мемлекеттің мақсаты – әрбір адамды ақылмен басқарып, бақыт пен бостандық сыйлау» дейді.

Әл-Фарабидің адамдардың индивидуалды армандарының бірлігі ретіндегі социум ұғымы Ж.Руссоның «әлеуметтік келісім» идеясына сәйкес.

Әл-Фарабидің ғылыми көзқарастары орта ғасырлардағы Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі мәдениет, философиялық және ғылыми ой-пікірлердің даму нәтижесі болып табылады. Әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Оның еңбектері еуропалық ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Фараби шығыс пен батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды.

